




ТІЛ ТАРИХЫ: КІРІСПЕ

Парсы тілінің тарихы





Араб тілінің үстемдігін парсылар қалай жойды дейтін болсақ, олар саяси әрі мәдени, рухани тұрғыдан оған мән беріп, жеңіске жетті. Самандардың билігі, ақындардың құлшынысы, «Шахнаменің» жырлануы, парсы тілінің кеңінен таралуына мүмкіндік жасады. Парсы тілінің күшеюіне ақындардың белсенді түрде Иранның ұлттық мәдениетіне мән берулері әсер етті.

Әбдішүкір Балхи (X ғасырда өмір сүрген) Саман әулеттері патшалық құрған кезеңде қазіргі Ауғанстан территориясындағы аумағындағы Балх қаласында дүниеге келген. Парсы-дари тілінің кеңінен таралып, беделге ие болуына елеулі үлес қосқан.

Дәғиғи Туси Асади (831–978) «Шахнамені» прозадан поэзияға аударған тұңғыш ақын.

Абдулла Рудаки (858–941) қазіргі Тәжікстан Республикасы, Пенжикент (Пәнж рудәк) қыстауында дүниеге келген. Саман әулеттері патшалық құрған кезеңде өмір сүріп, жаңа парсы тілінде өлең жазған тұңғыш ақын болғандықтан, «Парсы поэзиясының атасы» ретінде танылып кеткен. Ол қасида, ғазал, рубаи және мәснәви сынды өлең түрлерінің негізін қалаған талантты ақын. Оның өлең жолдары түрлі тарихи кезеңдерде жоғалып, бар-жоғы 1047 бәйіт бүгінге жеткен. Абдулла Рудаки тілдің көркемділігімен парсы поэзиясының өрістеуіне үлкен үлес қосты. Одан кейін Фирдауси үлкен ықпал жасаған. Сол кезеңдегі басты мақсат, парсы тілін тірілту, пасыларды өзінің құндылықтарына жүгінту болды. 30 жыл еңбегінің арқасында мұны ол жүзеге асыра білді, демек «Шахнамені» жоғарғы деңгейде 75 дастан қылып жырлады. Қазіргі кино әлемі қаншалықты ықпалды болса, сол кездегі жазылған жырлар мен дастандар да, соншалықты елге кеңінен тарап, мәдениеттің даму жолындағы өнер болды.

Ұлттық санасы қалыптасқан елдерде ұлттық саяси психология қалыптасады. Ондай елдің халқы ешқашан өздерінің ұлттық құндылықтарына қарсы әрекет жасамайды. Иран сондай елдердің бірі. Бұл елдің халықтарының ұлттық саяси психологиясы жақсы қалыптасқан. Кез келген Иран азаматы отанын сүйеді, өзінің құндылықтарына қатты мән береді. Әрбір ақын, зиялының қарайтын биігі, оның ұлттық құндылық екендігін сезді.

Әбілқасым Фирдоуси (935–1020) қазіргі Иран елінің шығысында орналасқан Түс қаласында дүниеге келіп, сонда қайтыс болды. Ол Саман Әулеті патшалық құрған кезеңде өмір сүрген. Иран жұртының «ұлттық ақыны» ретінде әйгілі «Шахнаме» шығармасымен әлем әдебиетінде ерекше орынға ие ақын. Ол парсылардың ұлттық құндылықтарын тірілтіп, соның арқасында азғантай аймақта парсы тілінде сөйлейтіндер қазір кеңінен тарап, дүние жүзінде белгілі тілге айналды.

Иранның ақындары Арабтың тілдік мәдени шабуылына қарсы болса да, ислам дініне қарсы болған жоқ. Фирдоуси терең ойшыл ақын ретінде ұлттық құндылықтардан биіктеу адами құндылықтың бар екендігін сезді, оны өз шығармасында жақсы баяндады. Иранның Ферудун деген патшасының үш ұлы болған. Бұл патша өзінің территориясын осы үш ұлына бөліп береді. Біріне Араб жерлерін, біріне Иран жерлерін, біріне Түркістан жерін берді. Сол кезде Орталық Азия Тұран деп аталып кеткен. Содан Араб, Парсы, Тұран елінің елдері патшаларының тегі бір болды. Бірақ оған қарамастан, олар бір-бірімен бәсекелесті, жауласты. Адамның болмысында оның дүниеқорлығы, одан туындайтын қызғаныш, күншілдік бар. Адам осы күншілдіктің кесірінен дүние мен нәпсінің құрбаны болады деп, Фирдоуси шығармасында айтқан болатын. Үш ағайынды осы нәпсілерінен жеңіліп, қызғаныштан ағайындарына қастандық жасаймын деп, содан Иран-Тұран шайқасы басталып кеткен. Иран мен Тұран елдері бір-біріне жау емес, екі тұлға, екі басшы бір-бірімен жау, не үш тұлға бір-бірімен жау. Жеке адам өзінің нәпсісіне тәуелді болса, сол нәпсі бір елдің атына кір келтіреді. Демек, саяси билік, әкімшілік, елдердің, ұлттардың, халықтардың тағдырын шешеді. Бір мемлекетте бір саяси тұлға өзгерсе, ол саяси тұлғаның, саяси басқарудың көршіге деген көзқарасы жақсылыққа, не жамандыққа өзгереді.

Фирдоуси ешқашан ұлт ұлтқа, ұлыс ұлысқа, қауым қауымға, ел елге жау емес, жауластын дүниенің билігіне тоймайтын билеушілер, яғни патшалар, хандар деп айтқысы келеді. Шығарманың бір ұлттық құндылығы, екінші бір құндылыққа өрістейді. Ол – адами құндылық. Фирдоуси адамды, ұлттарды, халықтарды кінәләмейді, адамның нәпсісін кінәлайды. Дінде мынадай сөз бар: «Адам басқа адам үшін жауап бермейді, әркім өз ісіне жауап береді». Жаман іске жауап беретін, сол жамандықты жасаған адамның өзі. Билікте отырған патша, не хан, императорлар болсын, елінің міндетін, абыройын, табыстылығын қамтамасыз етеді. Елдің жойылуы да билікте отырғандарға байланысты, сол себептен қоғамға әрқашан әділ патша керек.



Шығармадағы сөз болатын келесі құндылық, ол – рухани құндылық. Мәселен, «Шахнаме» «әр нәрсе, рухани құндылық, адамның санасы мен жанына байланысты» деген сөзінен басталады. Шығарманың кіріспе бөлімінде жаратушы Құдайға мақтау айтылады. Бұл белгілі бір құндылықтарды қоғамға үйрету мақсатын көздейді. Бұдан шығарманың тәрбиелік мәнін көруге болады. Иран әдебиетінің негізі Фирдоуси арқылы өте жақсы қаланды. Себебі күні бүгінге дейін өзінің құнын жоғалтпай келе жатқан тақырыптар, «Рух», «Жан», «Сана» осы шығармада қозғалған. Қазақта: «Төрт көз түгел болса, бәрі жақсы болады», «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген нақыл сөз бар. Сананың функциясы – бір нәрсені, не көп нәрсені тану, бір-бірінен ажырату, бір-бірімен салыстыра білу. Сананың ашықтығының арқасында адам кез келген дүниеге баға бере алатын болды. Кейде сананың күші жетпейтін кезде жүрек көзі керек болады. Демек адамның екі көзі, сана көзі, жүрек көзі төртеуі түгел болуы осыны білдіреді. Сүйіспеншілік, махаббат бұл жай сөздер емес, ол түйсігі жеткен адамдардың құндылығы. Кейбір адамдардың қарны тоқ, көйлегі көк болғанымен, олар сүюді, жылауды, күлуді, сағынуды білмейді. Адамды сүю арқылы сағыныш пайда болады. Сағыныш арқылы шаттану, жылау пайда болады. Бұл жетілген топтың құндылықтары, ислам әдебиетінің осындай құндылықтарды парсы тілінде Ферустен кейін жалғастырған тұлғалар болды. Сол себептен, парсы тілі аймақтық деңгейден әлемдік деңгейге жетті. Жалғастырушы тұлғаның бірі – Санаи. Ол адамның санамен көре алмайтын құндылықтарды көретін, жүректі жырлады. Былай атқанда, сопылық әдебиетінің негізін қалады. Сопылық әдебиеттің зерттеушілері арасында оны ұнатқандары өте көп болды. Өйткені ол шексіз махаббат дүниесі. Санаиден кейін көптеген сопылық ақындардың шығармалары пайда бола бастады. Соның арқасында Иранның парсы тілді ақындары көбейді. «Мәсинави» деп аталатын үлкен сопылық шығарма да парсы тілінде жырланды.

Парсы тілінің негізі Рудаки, Фирдауси, Санаилар арқылы негізі күшті қаланғандығынан, елдің құштарлығын оятты. Низамия Гянджеви деген ақынның «Хамсе» деген шығармасы да парсы тілінде жазылды. Сол сияқты басқа да керемет туындыларды жырға айналдырды. Соның арқасында парсы тілінің құндылығы артып, керемет туындылардың дүниеге келуіне жол ашты. Одан кейін Омар Хайям, Сади, Ғафез т.б. біртұтас рух және сана поэзиялық мектебін қалыптастырды. Сана мен рух поэзиясы – өлмейтін поэзия. Парсы тілінің әлемдік деңгейге көтерілуінің басты себебі де осында жатыр. Себебі ішінде терең сезім, сүйіспеншілік бар, бұл екеуін өте тамаша түрде парсы ақындары жырлай білген, көрсете білген, өрнектей білген. Олардың әлем әдебиетіндегі орны қазірге дейін де бөлектігі сонша немістің ақыны Гете «Шіркін, мен Ғафездің бір бақайына жетсем, өзімді ақын дер едім» деп айтқан екен.

Сағди Ширази (1203–1292) – парсы-тәжік әдебиетінің классигі. Адам бір дененің мүшесі сияқты. Егер оның бір дене мүшесі ауырса, басқасы да ауырады. Демек адамзаттың тағдыры бір-бірімен тікелей байланысты. Мұның барлығы ислам дінінде өз құндылығын көрсете алды. Дүниежүзінде болып жатқан көптеген саяси, әскери оқиғаларға біз немқұрайлы қараймыз. Әр адам өз сөзіне, өз ісіне жауап береді, оның айтқан сөзі, не жасалған ісі бүкіл әлемге әсерін тигізеді деп есептелетіндіктен, ешқашан жаман сөз айтпау керек, жамандық жасамау керек. Қазақ «Жақсыдан шарапат...» деп айтады. Парсы әдебиетінің рухани, адами құндылығы өте биік болды. Ол бүгінгі күннің өзінде сол биіктігін сақтап келеді. Ол Аллаға, ұлтқа, адамға деген сүйіспеншілік. Осы үш құндылықтың негізін Фирдауси қалады, кейін ақындар арқылы XV ғасырға дейін жалғасын тапты. Парсы әдебиеті өз деңгейінде Орталық Азия, Иран, Үндістанға дейін тарап, әлемдік деңгейде өте құнды әдебиеттер ретінде танылып, қазір Еуропа да, БҰҰ да оны мойындап отыр.